

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2020 жылдың 09 маусымындағы
№ 78 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2020 жылдың 03 тамызынан бастап
қолданысқа енгізілді

"Автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын репо операцияларының **МАМАНДАНЫМЫ**

Алматы қ.

2020

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2021 жылдың 15 желтоқсанындағы № 134 отырыс хаттамасы);
- 2021 жылдың 20 желтоқсанынан бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгерту:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2022 жылдың 10 наурызындағы № 134 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 11 наурызынан бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2022 жылдың 18 шілдесіндегі № 88 отырыс хаттамасы);
- 2022 жылдың 22 тамызынан бастап қолданысқа енгізілді.

4. № 4 өзгертулер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Басқармасының шешімімен (2022 жылдың 20 қазанындағы № 121 отырыс хаттамасы);
- іске қосу өзгерістердің 1-тармағы – енгізілген күннен бастап ASTS+ сауда және клиринг жүйесін жетілдіруді коммерциялық пайдалануға енгізу ҚІЖК-мен репо операцияларының шарттарын 14 және 30 күнге ұлғайту бөлігінде; өзгертулердің 2-тармағы - 2022 жылғы 26 қазаннан бастап.

Осы Маманданым "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) "ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде репо операцияларын жүзеге асыру ережелері" атты ішкі құжатына сәйкес әзірленді және "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын репо операцияларының негізгі сипаттамаларын анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1. Осы Маманданымда ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде репо операцияларын жүзеге асыру ережелеріне және Биржаның басқа да ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар пайдаланылды.
2. Осы Маманданымның мақсаттары үшін репо операциясы деп "автоматты" әдіспен жүзеге асырылатын репо операциясы ғана түсініледі.
3. Репо операцияларын жүзеге асыру кезінде осындай репо операциялары жүзеге асырылатын сауда-саттық тәртіптемесіне байланысты қазақстандық теңгені немесе АҚШ долларын пайдалануға рұқсат етіледі.
4. Сауда-саттық тәртіптемесіне байланысты репо операциялары орталық қызметтерін пайдалана отырып контрагенттің (бұдан әрі – ОК-пен) және орталық контрагенттің қызметтерін пайдаланбай (бұдан әрі – ОК-сыз) жүзеге асырылады.
5. Қаржы құралдары ретінде репо операциялары келесідей бөлінеді:
 - 1) осы репо операцияларының заты болып табылатын (бұдан әрі – ОК-пен МБҚ¹ қоржыны, ОК-пен ҚРҰБ² қоржыны, ОК-пен МҚҰО³ қоржыны және ОК-сыз МБҚ қоржыны), бағалы қағаздардың атауларына қарамастан, бір қаржы құралы болып табылатын, мерзімі бір репо операциялары;
 - 2) әртүрлі қаржы құралдары болып табылатын, мерзімі әртүрлі бағалы қағаздардың әрбір жеке атауына қатысты репо операциялары.
- 5-1. "Автоматты" тәсілмен жүзеге асырылатын репо операцияларының стандартталған мерзімдері:
 - 1) ОК-пен МБҚ қоржынымен репо операциялары және ОК-пен МҚҰО қоржынымен репо операциялары бойынша бір, екі, үш, жеті, 14 (он төрт), 30 (отыз) және 90 (тоқсан) күн;
 - 2) ОК-пен ҚРҰБ репо қоржынымен операциялары бойынша бір күн;
 - 3) ОК-сыз МБҚ қоржынымен репо операциялары бойынша, бағалы қағаздардың жекелеген атауына қатысты (КҚС44-пен ОК-пен репо операцияларын қоспағанда) бағалы қағаздардың жекелеген атауына қатысты ОК-пен репо операциялары бойынша және есептесуі қазақстандық теңгемен репо операциялары бойынша бір, екі, үш, жеті, 14 (он төрт) және 30 (отыз) күн;
 - 4) есеп айырысуы АҚШ долларымен болатын бағалы қағаздардың жекелеген атауына қатысты ОК-пен репо операциялары бойынша бір, жеті, он төрт және отыз күн (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 20 қазанындағы шешімімен өзгертілген*);
 - 5) ОК-пен КҚС-мен қазақстандық теңгедегі репо операциялары үшін бір, екі, үш, жеті, 14 (он төрт), 30 (отыз), 60 (алпыс) және 90 (тоқсан) күн;
 - 6) есеп айырысуы АҚШ долларымен болатын бағалы қағаздардың жекелеген атауына қатысты ОК-сыз репо операциялары бойынша бір, екі, үш, жеті, 14 (он төрт) және 30 (отыз) күн.

1 "Мемлекеттік бағалы қағаздар" деген сөз тіркесінің шартты белгісі.

2 "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі" деген сөз тіркесінің шартты белгісі.

3 "Мемлекеттік қатысу үлесі бар эмитенттің облигациялары" деген сөз тіркесінің шартты белгісі.

4 "Клирингтік қатысу сертификаты" шартты белгісі (*осы сілтеме Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен енгізілген*).

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)

6. Осы Маманданымға сәйкес және осы Маманданымның 7 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып рұқсат етілген бағалы қағаздардың сауда-саттығына қатысу құқығы бар қор нарығының клирингтік қатысушылары репо операцияларына қатысушылар бола алады.
7. ҚРҰБ қоржынымен репо операцияларын жүзеге асыру кезінде тараптардың бірі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып табылады, екінші тарап, қор нарығының клирингтік қатысушылары болып табылатын, екінші деңгейдегі банктер және "Қазпочта" АҚ болуы мүмкін.
Бұл ретте Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі тұрақты баға белгілеулерді жариялайды, сауда-саттыққа өзге қатысушылар Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жариялаған баға белгілеулер бойынша ғана мәмілелер жасай алады.
8. Сауда-клирингтік жүйесіндегі қаржы құралдары ретіндегі репо операцияларының кодтары "Қазақстан қор биржасы" АҚ мүшелеріне және олардың шоттарына, сауда-саттық жүйелерін пайдаланушыларға, бағалы қағаздар эмитенттеріне және қаржы құралдарына кодтар беру тәртібі туралы нұсқаулық" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес белгіленеді.
9. Осы Маманданымның мақсаттары үшін "Standard&Poor 's" агенттігінің немесе "Moody ' sInvestorsService" және "Fitch" агенттіктерінің немесе олардың еншілес рейтингтік ұйымдарының (бұдан әрі – басқа рейтингтік агенттіктер) рейтингтік бағалары мойындалады.
Егер бағалы қағаздар шығарылымының немесе олардың эмитентінің екі және одан да көп рейтингтік агенттіктердің рейтингтік бағалары болса, онда осындай рейтингтік бағалардың ең нашары ескеріледі.

2 тарау. РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЗАТТАРЫ

10. ОК-пен жасалатын МБҚ қоржыны және ОК-пен жасалатын ҚРҰБ қоржыны бар репо операцияларының заттары ретінде мынадай шарттарға сәйкес келетін төменде тізілген түрлердің бағалы қағаздары пайдаланылуы мүмкін (осы Маманданымның 15 және 16 тармақтарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):
 - 1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған және Биржаның ресми тізімінің "мемлекеттік бағалы қағаздар" секторында тұрған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алуға рұқсат етілген, халықаралық қаржы ұйымдары шығарған, Биржаның ресми тізіміндегі борыштық бағалы қағаздар, номиналдық құны 1 000 теңгеден аспайтын немесе мұндай құнның мөлшері шетел валютасында 1 000 теңгеге баламалы;
 - 3) Эмитенттің дауыс беретін акцияларының 100 % Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, борыштық бағалы қағаздар.
11. МҚҰО қоржынымен ОК-пен репо операцияларының заттары ретінде Биржаның ресми тізімінде тұрған, теңгемен номинацияланған келесі эмитенттердің борыштық бағалы қағаздар пайдаланылуы мүмкін (осы Маманданымның 16 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):
 - 1) Қазақстан Республикасының ұлттық компаниясы;
 - 2) орналастырылған акциялардың жалпы санының немесе төленген жарғылық капиталының 75 және одан аса пайызы мемлекетке, ұлттық холдингке немесе ұлттық басқарушы холдингке тиесілі ұйым;
 - 3) орналастырылған акциялардың жалпы санының немесе төленген жарғылық капиталының 75 және одан аса пайызы ұлттық холдингтің еншілес ұйымына немесе ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымына тиесілі ұйым.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 10 наурызындағы шешімімен өзгертілген)

12. Бағалы қағаздардың жекелеген атауына қатысты ОК-пен репо операцияларының заты ретінде бірге пайдаланылуы мүмкін:
- 1) Биржаның ресми тізіміндегі төменде санамаланған түрлердің бағалы қағаздары (осы Маманданымның 16 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):
 - акциялар;
 - борыштық бағалы қағаздар;
 - халықаралық өаржы ұйымдарының бағалы қағаздары;
 - инвестициялық қордың бағалы қағаздары;
 - пайлар;
 - депозиттік қолхаттар;Биржаның ресми тізімінің "мемлекеттік бағалы қағаздар" секторындағы шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздар;
 - 2) клирингілік қатысу сертификаттары.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)

13. ОК-сыз МБҚ қоржынымен жасалатын репо операцияларының заттары ретінде мынадай шарттарға сәйкес келетін төменде тізілген түрлердің бағалы қағаздары пайдаланылуы мүмкін (осы Маманданымның 15 тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып):
- 1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған және Биржаның ресми тізімінің "мемлекеттік бағалы қағаздар" секторындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына⁵ сәйкес сатып алуға рұқсат етілген, номиналды құны 1 000 теңгеден аспайтын немесе осындай құнның мөлшері Биржаның ресми тізіміндегі шетел валютасындағы 1 000 теңгеге баламалы және эмитентінің Standard&Poor's рейтингілік агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB-" деңгейінен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің халықаралық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар, халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздар;
 - 3) эмитенті Standard&Poor's рейтингілік агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" деңгейінен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар және дауыс беретін акцияларының 100 % Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, Биржаның ресми тізіміндегі борыштық бағалы қағаздар.
14. Есеп айырысу валютасы қазақстандық теңге болып табылатын бағалы қағаздардың жекелеген атауына қатысты репо операцияларының нысанасы ретінде Т+ тізімінің акциялары пайдаланылуы мүмкін, оған енгізу шарттары Биржаның "Қаржы құралдарын Т+ Тізіміне және Т+ Қамту тізіміне енгізу тәртібі" атты ішкі құжатында белгіленген *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 15 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- 14-1. Есеп айырысу валютасы АҚШ доллары болып табылатын бағалы қағаздардың жекелеген атауына қатысты, сатып алу-сату мәмілелері бойынша есеп айырысулар АҚШ долларымен жүзеге асырылатын, Биржаның ресми тізіміндегі мынадай бағалы қағаздар ОК-сыз репо операцияларының нысанасы ретінде пайдаланылуы мүмкін:
- 1) акциялар;
 - 2) инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары;

⁵ "Банктер мен банк холдингтері облигацияларын меншікке сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдарының тізбесін және банктер мен банк холдингтері меншікке сатып алатын облигацияларға қойылатын талаптарды белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылдың 29 қарашасындағы № 234 қаулысының 1 тармағы *(осы сілтеменің нөмірленуі Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

- 4) пайлар;
- 5) депозиттік қолхаттар.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 15 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)

15. Репо операцияларының заты ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік ұзақ мерзімді жинақ қазынашылық міндеттемелері (МЕУЖКАМ) олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде пайдаланылмайды.
16. Бағалы қағаздар (клирингілік қатысу сертификаттарын қоспағанда) репо операцияларының заты ретінде ОК-пен мынадай жағдайларда пайдалануға жіберіледі *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:
 - 1) бағалы қағаздардың "Қаржы құралдарын Т+ Тізіміне және Т+ Қамтамасыз ету тізіміне енгізу тәртібі" атты Биржаның ішкі құжатымен белгіленген Т+ Тізімінде болуы;
 - 2) репо операциясының ұзақтығы мерзіміне облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесі белгілі болуы.

3 тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЗАТТАРЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕНДЕР ҚАТАРЫНА ҚОСУ

17. Осы Маманданымның 10 тармағының 2) және 3) тармақшаларында, 11 тармағында, 12 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздар сауда-саттық бөлімшесінің Биржаның ішкі құжатында белгіленген тәртіппен сауда-саттық жүйесіне қажетті баптаулар белгілеуі арқылы оларды Т+ тізіміне енгізген күннен бастап ОК-пен репо операцияларының заты ретінде пайдалануға жол беріледі *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
- 17-1. Осы Маманданымның 12 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздар репо операцияларының заты ретінде Басқарманың мүліктік пулды қалыптастыру және осы мүліктік пул шеңберінде клирингілік қатысу сертификаттарын шығару туралы шешімінің негізінде пайдалануға жол беріледі *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
18. Осы Маманданымның 10 тармағының 1) тармақшасында және 13 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздар, осы бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу кезінде, сауда-саттық бөлімшесі сауда-саттық бөлімшесі жүзеге асыратын баптаулармен бір мезгілде сауда-клирингілік жүйенің қажетті баптауларын белгілеуі арқылы оларды Биржаның ресми тізіміне енгізуіне қарай ОК-мен МБҚ қоржынымен және МБҚ қоржынымен репо операцияларының заты ретінде пайдалануға жол беріледі *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.
19. Осы Маманданымның 13 тармағының 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздар сауда-саттық бөлімшесінің сауда-клирингілік жүйеге қажетті баптауларын белгілеуі арқылы бағалы қағаздар мен олардың эмитентінің осы Маманданымның 25 тармағында белгіленген шарттарға сәйкестігін растайтын мониторинг бөлімшесінен қызметтік жазбаны алғаннан кейін оларды Биржаның ресми тізіміне енгізуіне қарай ОК-сыз МБҚ қоржынымен жасалатын репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етіледі.
20. Осы Маманданымның 14 тармағында көрсетілген бағалы қағаздар "қор" санатындағы Биржа мүшесінің тиісті өтініші және мониторинг бөлімшесі дайындаған қызметтік жазба негізінде бағалы қағаздардың жекелеген атауына қатысты ОК-сыз репо операцияларының заты ретінде пайдалануға аталған бағалы қағаздардың Т+ Тізімінде болуын растайтын, осындай өтінішті алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі.

Осы Маманданымның 14-1 тармағында көрсетілген бағалы қағаздар "қор" санатындағы Биржа мүшесінің тиісті өтініші және мониторинг бөлімшесі дайындаған қызметтік жазба негізінде бағалы қағаздардың жекелеген атауына қатысты ОК-сыз репо операцияларының заты ретінде пайдалануға аталған бағалы қағаздар мен олардың эмитентінің осы маманданымның 25 тармағында белгіленген шарттарға сәйкестігін растайтын, осындай

өтінішті алған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей жіберіледі *(осы абзац Биржа Басқармасының 2021 жылдың 15 желтоқсанындағы шешімімен енгізілген)*.

21. Осы Маманданымның 19 және 20 тармақтарында көрсетілген қызметтік жазба, мониторинг бөлімшесіне және сауда-саттық бөлімшесіне жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының мүшелерімен келісілуі тиіс.

Сауда-саттық бөлімшесі мониторинг бөлімшесінен қызметтік жазбаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Маманданымның 13 тармағының 2) және 3) тармақшаларында және 14 және 14-1 тармақтарында белгіленген бағалы қағаздарды ОК-сыз репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етуді қамтамасыз ететін сауда-клирингілік жүйенің баптауын жүзеге асырады.

Аталған бағалы қағаздарға және/немесе олардың эмитентіне қатысты ОК-сыз репо операцияларының заты ретінде пайдаланудың тиісті шарттары сақталмаса, мониторинг бөлімшесі ресми хатпен осы Маманданымның 20 тармағында көрсетілген Биржа мүшесін аталған бағалы қағаздарды репо операцияларының заты ретінде пайдаланудың мүмкін еместігі туралы хабардар етеді.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2021 жылдың 15 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)

22. Бағалы қағаздардың қандай да бір себетімен репо операцияларының заттары ретінде пайдаланылатын бағалы қағаздарды бағалы қағаздардың жекелеген атауына қатысты репо операцияларының заттары ретінде пайдалануға жол беруге тыйым салынады.

23. *(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен алынып тасталған)*.

24. Биржа мүшесінің репо операцияларының заты ретінде қандай да бір атаудың бағалы қағаздарын пайдалану туралы өтініші еркін нысанда жасалады және мынадай талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- 1) Биржа, оларды бір мәнді сәйкестендіруіне мүмкіндік беретін, осы атаудағы бағалы қағаздар туралы мәліметтерді қамтиды;
- 2) қол қою үлгілері бар (түпнұсқалығын Биржаның осыған уәкілетті қызметкері куәландырған немесе нотариуспен куәландырылған) құжатқа сәйкес, Биржаның осы мүшесінің атынан қол қою құқығы бар, тұлға қол қойды, Биржаның осы мүшесінің мөр бедерімен (ол болған кезде) куәландырылды.

25. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздарды ОК-сыз репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етіледі *(осы абзац Биржа Басқармасының 2021 жылдың 15 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) осы атаудағы бағалы қағаздарға қатысты осы Маманданымның 13 тармағының 2) және 3) тармақшаларында белгіленгендер қатарынан қолданылатын шарттар сақталады;
- 2) репо операциясының ұзақтығы мерзіміне облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесі белгілі;
- 3) осы атаудағы бағалы қағаздар және олардың эмитенті осы атаудағы бағалы қағаздар Биржаның ресми тізімінде тұрған санаттың, сектордың және алаңның базалық листингілік талаптарына⁶ толық сәйкес келеді;
- 4) осы атаудың бағалы қағаздарына осы Маманданымның 27 тармағында белгіленген тыйым салу қолданылмайды;

⁶ Базалық листингілік талаптар – бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізіміне енгізу және олардың онда болуы үшін эмитенттерге және олар шығарған бағалы қағаздарға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар *(осы сілтеменің нөмірленуі Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*.

- 5) осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу бағасы Биржаның "Қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау әдістемесі" атты Биржаның ішкі құжатына сәйкес жүзеге асырылады.
26. 25 тармақтың 5) тармақшасында белгіленген норма Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, есептік баға болмаған жағдайда репо операцияларының заты ретінде пайдаланылуы мүмкін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына қатысты қолданылмайды.
27. Мынадай негіздердің кез келгені туындаған кезде қандай да бір эмитент шығарған, осы Маманданымның 13 тармағының 2) және 3) тармақшаларында, 14 және 14-1 тармақтарында көрсетілген түрлердің кез келген атауларындағы бағалы қағаздарды ОК-сыз репо операцияларының заттары ретінде пайдалануға тыйым салынады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2021 жылдың 15 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*:
- 1) осы эмитенттің өздері шығарған кез келген бағалы қағаздарды ұстаушылар алдында орындау мерзімі өтіп кеткен орындалмаған міндеттемелері пайда болды;
 - 2) осы эмитент шығарған бағалы қағаздар рұқсаттама бастамашысы листингтік келісім-шартта белгіленген мерзімнен кейін үш ай ішінде орындалмаған, осы эмитенттің қаржылық есеп берушілігін (оның ішінде аралық есеп берушілікті) ұсыну бойынша Биржа алдындағы міндеттеме пайда болды;
 - 3) осы эмитент шығарған бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысының "Бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашыларының ақпараттар ашуының ережелері" Биржаның атты ішкі құжатында белгіленген мерзімінен кейін он күн ішінде осы эмитент және/немесе ол шығарған, осы бапқа сәйкес Биржаға берілуі тиіс, бағалы қағаздар туралы елеулі ақпарат беру жөніндегі Биржа алдындағы орындалмаған міндеттемесі пайда болды *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 15 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
28. Қандай да бір эмитент шығарған бағалы қағаздар немесе осы эмитент шығарған бағалы қағаздардың рұқсаттама бастамашысы (бастамашылары) осы бағалы қағаздардың аталған тыйым салудың қолданылу аясына түскеніне байланысты бұзушылықты (бұзушылықтарды) жойған кезде (осы тармақтың екінші абзацында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып) осы Маманданымның 27 тармағында белгіленген тыйым салудың қолданылу аясына жатқызылуын тоқтатады.
- Егер қандай да бір эмитент шығарған бағалы қағаздар осы Маманданымның 27 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша осы Маманданымның 27 тармағында белгіленген тыйым салудың қолданылу аясына түскен жағдайда, олар Биржа осы эмитенттің шығарған бағалы қағаздарды ұстаушылар алдындағы тиісті міндеттемелерді (оның ішінде тұрақсыздық төлемі, өсімпұлдар және айыппұлдар бойынша) толық орындағанын растайтын, қолданыстағы заңнамада, бағалы қағаздарды шығару аңдатпаларында немесе бағалы қағаздарды шығару аңдатпаларына ұқсас өзге де құжаттарда көзделген, құжаттарды алғаннан кейін ғана) немесе осы эмитенттің міндеттемелерді басқалай толық реттеуі.

4 тарау. ОК-СЫЗ ЖАСАЛАТЫН РЕПО ОПЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЗАТЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНЫЛАТЫН, БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ ДИСКОНТТАУ

29. Репо операциясы затының санын, ашу мәмілесінің нақты сомасын, ашу және жабу бағаларын, сондай-ақ репо операциясын жабу мәмілесінің сомасын анықтау үшін ОК-сыз жасалатын репо операциясының заты ретінде пайдаланылатын бағалы қағаздардың есеп айырысу бағалары осы бағалы қағаздардың түріне қарай дисконтталады:
- 1) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, теңгеде номинацияланған мемлекеттік дисконттық бағалы қағаздар (МБҚ) – 3 %;

- 2) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, өтелгенге дейін бағалау күнінен бастап қалған, теңгеде номинацияланған индекстелмеген МБҚ:

үш жылдан аспайтын – 3 %-ға;

үш жылдан аса – 5 %-ға;

- 3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, шетел валютасында номинацияланған МБҚ немесе Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған, қазақстандық теңгеде номинацияланған және бағалау күнінен бастап өтелгенге дейін қандай да бір шетел валютасына теңге бағамының өзгеру деңгейі бойынша индекстелген МБҚ:

360 күннен аспайтын – 10 %-ға;

361 күн және одан аса – 15 %-ға;

- 4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі инфляция деңгейі бойынша индекстелген купон мөлшерлемесіне немен TONIA мөлшерлемесіне индекстелген купон мөлшерлемесімен шығарған, теңгемем номиналданған МБҚ, бағалау күнінен бастап өтелгенге дейін қалған мерзімі:

360 күннен аспайды – 10-ға %;

360 күннен асады – 15-ға %;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2022 жылдың 20 қазанындағы шешімімен өзгертілген)

- 5) Биржаның ресми тізімінде тұрған және Эмитенттің рейтингі Standard&Poor ' s рейтингілік агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA" - дан төмен емес бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің халықаралық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар, бағалау күнінен бастап өтелгенге дейін қалған, Халықаралық қаржы ұйымдары шығарған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алуға рұқсат етілген борыштық бағалы қағаздар:

үш жылдан аспайтын – 3 %-ға;

үш жылдан аса – 5 %-ға;

- 6) Биржаның ресми тізімінде тұрған және эмитенттің рейтингі Standard&Poor's рейтингілік агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "AA-" деңгейінен "BBB-" деңгейіне дейінгі бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар, оларды өтеуге дейін бағалау күнінен бастап қалған халықаралық қаржы ұйымдары шығарған және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алуға рұқсат етілген, борыштық бағалы қағаздар:

бір жылға дейін – 5 %-ға;

бір жылдан үш жылға дейін – 10 %-ға;

үш жыл және одан аса – 20 %-ға;

- 7) эмитентінің Standard&Poor's рейтингілік агенттігінің халықаралық шкаласы бойынша "BBB" деңгейінен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің халықаралық шкаласы бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар және дауыс беретін акцияларының 100 % Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі, борыштық бағалы қағаздарға:

бір жылға дейін – 5 %-ға;

бір жылдан үш жылға дейін – 10 %-ға;

үш жыл және одан аса – 20 %-ға;

- 8) акциялар, инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары, пайлар, депозиттік қолхаттар – 30 % *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2021 жылдың 15 желтоқсанындағы шешімімен өзгертілген)*.
30. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған МБҚ есептік бағалары болмаған жағдайда, репо операциясы затының санын, ашу мәмілесінің нақты сомасын, репо операциясының жабылу бағасын және жабылу мәмілесінің сомасын анықтау үшін, дисконтталады:
- үш жылдан аспайтын – 10 %-ға;
үш жыл және одан аса – 20 %-ға.

6 тарау. БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ РЕПО ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЗАТЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУҒА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕНДЕР ҚАТАРЫНАН АЛЫП ТАСТАУ РӘСІМІ

31. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар (клирингілік қатысу сертификаттарын қоспағанда) мынадай негіздердің кез келгені туындаған кезде ҚО-мен репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілгендер қатарынан шығарылады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен өзгертілген)*:
- 1) осы атаудың бағалы қағаздарына қатысты осы Маманданымның 10-12 тармақтарында белгіленген қолданымды шарттар сақталмаған;
 - 2) осы атаудағы бағалы қағаздар Биржаның ресми тізімінен шығарылды.
- 31-1. Қандай да бір мүліктік пул шеңберінде шығарылған клирингілік қатысу сертификаттары басқарманың осы мүліктік пулды тоқтату туралы шешімінің негізінде репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілгендер қатарынан алып тасталады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2022 жылдың 18 шілдесіндегі шешімімен енгізілген)*.
32. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар ОК-сыз жасалатын репо операцияларының заттары ретінде пайдалануға рұқсат етілгендер қатарынан, келесі негіздердің кез келгені туындаған кезде, алып тасталады:
- 1) осы атаудың бағалы қағаздарына қатысты осы Маманданымның 14 және 25 тармақтарында белгіленген қолданымды шарттар сақталмаған;
 - 2) осы атаудағы бағалы қағаздар Биржаның ресми тізімінен шығарылды.
33. Бағалы қағаздарды осы Маманданымның 31 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша ОК-пен жасалған репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілгендер қатарынан алып тастау клирингілік қызметті жүзеге асыратын бөлімшенің қызметтік жазбасының негізінде мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:
- 1) сауда-саттық бөлімшесі сауда-клирингілік жүйенің қажетті баптауларын белгілеу арқылы тиісті атаулардағы бағалы қағаздарды ОК-пен жасалатын репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілгендер қатарынан алып тастайды;
 - 2) репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілген атаулардың ішінен қандай да бір бағалы қағаздарды алып тастаған күні сауда-саттық бөлімшесі ақпарат және статистика бөлімшесіне осындай бағалы қағаздар туралы мәліметтерді электрондық пошта арқылы жібереді.
34. Бағалы қағаздарды репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілгендер қатарынан осы Маманданымның 32 тармағының 1) тармақшасында көрсетілген негіз бойынша алып тастау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:
- 1) мониторинг бөлімшесі аптасына кемінде бір рет репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілген барлық атаулардағы бағалы қағаздардың осы Маманданымның 14 және 25 тармақтарында белгіленген шарттарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және кез келген сәйкессіздік анықталған кезде осындай бағалы қағаздар туралы мәліметтермен қызметтік жазба жасайды, оны, мониторинг

- бөлімшесіне және сауда-саттық бөлімшесіне жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының мүшелерімен келіседі және сауда-саттық бөлімшесіне жібереді;
- 2) сауда-саттық бөлімшесі сауда-клирингтік жүйесінің қажетті баптауларын белгілеу арқылы осындай қызметтік жазбаны алғаннан кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қызметтік жазба негізінде репо операцияларының заттары ретінде пайдалануға рұқсат етілгендер қатарынан тиісті атаулардағы бағалы қағаздарды алып тастайды;
 - 3) репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілген атаулардың ішінен қандай да бір бағалы қағаздарды алып тастаған күні сауда-саттық бөлімшесі ақпарат және статистика бөлімшесіне осындай бағалы қағаздар туралы мәліметтерді электрондық пошта арқылы жібереді.
35. Осы Маманданымның 31 тармағының 2) тармақшасында және 32 тармағының 2) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша бағалы қағаздарды репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілгендер қатарынан алып тастау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:
- 1) сауда-саттық бөлімшесі күн сайын репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілген барлық атаулардағы бағалы қағаздарды осы Маманданымның 31 тармағының 2) тармақшасында және 32 тармағының 2) тармақшасында белгіленген шарттарды орындауға тексереді және осындай орындау анықталған кезде сауда-клирингтік жүйенің қажетті баптауларын белгілеу арқылы тиісті атаулардағы бағалы қағаздарды осындай пайдалануға рұқсат етілгендер қатарынан алып тастайды;
 - 2) репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілген атаулардың ішінен қандай да болмасын бағалы қағаздарды алып тастау бойынша сауда-саттық бөлімшесі, сауда-саттық бөлімшесіне жетекшілік ететін, Биржа Басқармасының мүшесіне, сондай-ақ ақпарат және статистика бөлімшесіне осы атаулардың бағалы қағаздары туралы мәліметтерді электрондық пошта арқылы жібереді;
 - 3) осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес мәліметтер алғаннан кейін ақпарат және статистика бөлімшесі қажетті реттілікпен әрекеттерді жүзеге асырады.
36. Осы Маманданымның 31 және 32 тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша репо операцияларының заты ретінде пайдалануға рұқсат етілген қандай да бір атаудың бағалы қағаздарын алып тастау осы атаудың бағалы қағаздарымен ашық репо операцияларын қозғамайды және осы репо операцияларына қатысушыларды осы репо операцияларына қатысты жабылу мәмілелерін орындаудан босатпайды.
37. Репо операцияларының заттары ретінде пайдалануға рұқсат етілгендер қатарынан шығарылған бағалы қағаздар осы Маманданымда белгіленген тәртіппен және шарттарда осындай пайдалануға қайта рұқсат етілуі мүмкін.

7 тарау. ТҰЖЫРЫМДЫ ҚАҒИДАЛАР

38. Осы Маманданымға өзгертулерді және/немесе толықтыруларды (актуалдылау) уақтылы енгізу үшін жауапкершілік сауда-саттық бөлімшесіне жүктеледі.
39. Осы маманданым қажеттілігіне қарай, бірақ осы Маманданым қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін әрбір үш жылда кемінде бір рет актуалдылануға жатады.